

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2025 жылдың 25 тамыз күнгі №02-5705 санды шығыс хатына сәйкес білім беру жүйесінде денсаулықты сақтауға бағытталған тәсілді іске асыру және білім алушылар арасында қозғалыс белсенділігінің жеткіліксіздігінің алдын алу мақсатында еліміздің жалпы білім беретін ұйымдарында тұрақты түрде дене шынықтыру жаттығуларын енгізу бастамасы көтерілгендігі туралы хабарлайды.

Қысқа, бірақ жүйелі түрде өткізілетін жаттығуларды енгізу білім алушылардың денсаулығын нығайтуға, олардың оқу белсенділігін арттыруға, салауатты өмір салтының тұрақты дағдыларын қалыптастыруға және оқу күнінің басында жағымды эмоционалды ахуал жасауға бағытталған.

Осыған байланысты 2025 жылғы 9 қыркүйектен бастап аптасына бір рет, сейсенбі күндері, бірінші сабақ басталар алдында ұзақтығы 3 (үш) минут болатын дене жаттығуларын өткізуді ұсынады. Іс-шараға барлық білім алушылар мен педагогтер қатысады.

Жаттығулар балалардың жас ерекшеліктерін ескеруі тиіс, барлық білім алушыларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға да қолжетімді болуы қажет.

Жаттығуды өткізу орны ретінде сынып, спорт залы, рекреация немесе ашық алаң анықталады, бірақ ол жерде қауіпсіздік пен жеткілікті кеңістік қамтамасыз етілуі тиіс.

Дене жаттығуларын мектептің сабақ кестесіне енгізіп, оны мектеп өмірінің ажырамас бөлігі ретінде ұйымдастыру.


Білім күні аясында өтетін іс-шараларда, сынып сағаттарында және ата-аналар чаты арқылы оқушыларды, педагогтерді, ата-аналарды Министрліктің осы бастамасы туралы хабардар ету қажет.

Аталған тәжірибені енгізу өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуда және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруда маңызды қадам болмақ.

Тұрар Рысқұлов ауданы білім бөлімі Министрліктің дене жаттығуларын өткізу бойынша Тұжырымдамасын жолдайды.

Қосымша: 9 бет.

/ Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысы



М.Сванов